



Сыр бойы

Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет • 1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

№191
(20665)



14 желтоқсан, бейсенбі 2023 жыл

e-mail: syrboiy@yandex.kz

www.syrboiy.kz

www.facebook.com/syrboiy_kz/

www.instagram.com/syrboiy_kz

https://twitter.com/syrboiy

t.me/syrboiy_kz

ПРЕЗИДЕНТ



«АУЫЛДЫ ДАМУ – ҚАЗАҚСТАНДЫ ДАМУ ДЕГЕН СӨЗ»

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев «Алтын сапа» және «Парыз», «Қазақстанның үздік тауары» байқауларының жеңімпаздарын – ел дамуына елеулі үлес қосқан кәсіпкерлерді салтанатты түрде марапаттау рәсіміне қатысушыларды құттықтады.

– Қазір Қазақстанда бизнес саласы қарқынды дамып келеді. Бұған мемлекет тарапынан барлық жағдай жасалып жатыр. Шағын және орта бизнестің ішкі жалпы өнімдегі үлесі 36 пайыздан асты. Бұл – шын мәнінде, жоғары көрсеткіш. Осы салада жұмыс істейтін адамдардың саны 4,3 миллионға жетті, яғни, еңбекке жарамды азаматтардың 45 пайызы деген сөз. Индустрияландыру жұмысы соңғы жылдары жоғары қарқынмен жүзеге асырылып келеді. Былтыр өңдеу өнеркәсібінің экспорттың 26 миллиард доллардан асты. Бұл – рекордтық көрсеткіш. Өткен жылы осы салаға 1,5 триллион теңге инвестиция тартылды, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы еліміздің экономикасы әділдік қағидатына негізделуге тиіс екенін атап өтіп, бірқатар маңызды мәселеге назар аударды.

– Мен жуырдағы Жолдауымда 2029 жылға қарай ұлттық экономика көлемін екі есе, яғни, 450 миллиард долларға дейін ұлғайту жөнінде маңызды міндет жүктедім. Бұл міндет – бос қиял емес, Үкіметтің мұқият есептеген іс-қимыл жоспары. Оны орындау үшін жана инвестициялық циклі іске қосу қажет. Ол ел экономикасының маңызды элементіне айналады. Өткен аптада мен Инвестиция тарту жұмыстарының тиімділігін арттыру жөніндегі шаралар туралы Жарлыққа қол қойдым. Енді Инвестициялық штабтың жұмысы жобаларды уақытылы және кедергісіз жүзеге асыруға бағытталады. Штатқа заңды күші бар, уақытша нормативтік-құқықтық актілерді әзірлеу құқығы берілді, – деді Мемлекет басшысы.

Мұндай шаралар еліміздегі инвестициялық климатты жақсартуға ықпал етеді. Президент өзінің тапсырмасына сәйкес өңдеу секторына қаржы салатын инвесторлар келесі жылдан бастап үш жылға салықтан босатылатынын айтты. Сондай-ақ бұрын-соңды мұндай жүйелі шаралар болмағанын әрі оның шешуші сипаты бар екенін, әйтпесе, инвестиция үшін өте жоғары халықаралық бәсекелестік қалыптасып тұрған

жағдайда Қазақстанның көзделген мақсатқа қол жеткізуі қиында соғатынын жеткізді.

Мемлекет басшысы елді индустрияландыру ісін одан әрі жалғастыруымыз керек деп сандық. Бұл бағытта нақты шаралар қолға алынып жатыр. Екі жыл бұрын «Өнеркәсіп саясаты» туралы арнаулы заң қабылданды. Өңдеу кәсіпорындарын арзан шикізатпен қамтамасыз ету өте маңызды. Келесі жылдан бастап ірі шикізат өндірушілер ішкі нарықтың сұранысын қамтамасыз етуге міндетті болады. Олар Қазақстандағы өңдеу мекемелерінің қажеттілігін толық өтесе ғана, шикізатты экспорттай алады.

– Ауылды дамыту – түптеп келгенде, бүкіл Қазақстанды дамыту деген сөз. Сондықтан биыл біз «Ауыл аманаты» жобасын бастадық. Ауыл тұрғындарына шағын несие беру үшін 100 миллиард теңге бөлінеді. Соның арқасында 18 мыңнан астам жаңа жұмыс орны ашылады. Келесі жылдан бастап бизнесті дамытуға арналған бірыңғай кешенді бағдарлама қолға алынады. Болашағы бар шағын және орта бизнеске басымдық беріледі, яғни, мемлекет өндірістік қауіпсіздігі жоғары және экспортқа өнім шығаратын кәсіпкерлерге қолдау көрсетеді, – деді Президент.

Президенттің айтуынша, биыл жүзеге жуық білім ошағы бой көтерді. Қазіргі таңда осындай ауқымды жұмыстың нақты нәтижесі бар. Атап айтқанда, халықаралық PISA рейтингі бойынша Қазақстандағы орта білімнің сапасы едәуір артты.

– Жақында Қазақстан халқының саны 20 миллионға жетті. Бұл – тарихи белес. Оған бүкіл ел болып қуандық. Халық санының көбеюі мемлекетіміздің дамуына қосымша серпін беріп, елімізге абырой әкелетініне еш күмән жоқ. Сондықтан біздің негізгі мақсатымыз – барша жұрттымыздың сапалы тұрмысын қамтамасыз ету. Былтыр еліміздегі орташа өмір сүру ұзақтығы 74,4 жасқа жетті. Бұл – еліміздегі медициналық қызметтің сапасымен қатар, азаматтардың ден-ауқаты жақсарып жатыр деген сөз, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

2-бет

СЕССИЯ

ӨҢІР. ӨСІМ. ЕНДІГІ МЕЖЕ ОБЛЫС БЮДЖЕТІНІҢ ӘЛЕУМЕТТІК БАҒЫТЫ САҚТАЛАДЫ

Кеше облыстық мәслихаттың кезекті сепініші сессиясы өтті. Оған облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев, облыс әкімінің орынбасарлары, басқарма басшылары, депутаттар және өзге де жауапты мекеме басшылары қатысты. Сессия жұмысын облыстық мәслихат төрағасы Наурызбай Байқадамов жүргізіп отырды.

Депутаттар алдында облыс әкімі сөз алып, көпшілікті алдағы Тәуелсіздік күні мерекесімен құттықтады.

Әділжан ҰМБЕТ,
«Сыр бойы»

– Бірысты ынтымақ пен бейбітшілікті дәріптеген Сыр елі Тәуелсіздік мерекесіне жарқын жетістіктермен жетті. Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев қазан айындағы облысқа сапары барысында аймақ дамуына он бағасын беріп, өңір үшін маңызды мәселелерге қатысты тарихи шешімдер қабылдады. Алғашқысы көптің көкейінде жүрген «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» халықаралық дәлізінің Ақтөбе қаласына дейінгі аумақты бірінші санатқа ауыстыру болды. Бұл жөнінде Мемлекет басшысы Үкіметке мәселені тез арада шешуді тапсырды. Екіншісі – облыс орталығы Қызылорда қаласын ыстық сумен қамтамасыз ету мәселесі. Бұл да Президентіміздің қолдауымен алдағы үш жыл ішінде кезең-кезеңімен шешілетін болды. Аталған мәселелермен 8 желтоқсан күні Қазақстан Республикасының Премьер-министрі Әлихан Асханұлы Смайыловтың қабылдауында болдым, – деді Нұрлыбек Машбекұлы.

Облыс әкімі өз сөзінде экономикалық дамуың макроқорытқыштары бойынша Қызылорда облысы өңірлер арасында тамыз айынан бері алғашқы үштікте екенін атап өтті. Ал 11 айдың қорытындысы бойынша облыстың барлық негізгі макроқорытқыштарында өсім байқалып отыр. Атап айтқанда, өнеркәсіп өнімі 2,1,



Суреттерді түсірген Бағдат Есенова

өңдеуші өнеркәсіп көлемі 28,9, ауыл шаруашылығының жалпы өнімі 2,5, инвестициялар тарту 18,4, құрылыс жұмыстары 20,4, көлік және қоймалау 8,4, пайдалануға берілген тұрғын үйлер 16,3, сауда көлемі 4,7 пайызға артты.

– Биыл аймақ бюджеті 609 млрд теңгеге жетіп, өткен жылмен салыстырғанда 57 пайызға өсті. Өңірдегі мұнай қорының сарқилуы салдарынан кейінгі 10 жыл бойы төмендеу тенденциясын көрсетіп келген өнеркәсіп өндірісі көлемі биылғы қыркүйек айынан өсуі басталды. Өңірлік экономиканың стратегиялық маңызды саласының бірі – өңдеуші өнеркәсіпті дамытудамыз. 2023-2028 жылдар аралығында облыста жалпы құны 1,1 трлн теңге болатын 65 жоба іске қосылып, 9 мыңға жуық жаңа жұмыс орны ашылады. Биыл 14,1 млрд теңгені құрайтын 15 жоба іске қосылды. Облыстағы ірі жобалардың бірі – шыны зауыты жобалық құжаттылықтың 88 пайызын игеріп, 173,5

мың тонна өнім шығарды, – деп толықтырды облыс әкімі.

Облыста инженерлік және көлік инфрақұрылымын дамытуда оң нәтиже бар. Жақсы жағдайдағы жолдың үлесі 87,5 пайызға жетсе, тұрғындардың 98,1 пайызы орталықтандырылған ауысумен қамтылған. Ал газбен қамту көрсеткіші 75 пайызға жетті.

Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес елімізде жылу-электр орталықтарының жұмысын жандандыру бағытында аймақта ірі жоба жүзеге асуда. Қызылорда қаласында жана жылу-электр орталығының құрылысы жүргізілуде. Егемендік жылдарындағы инвесторлардың қаржысына салынатын ең ауқымды, теңдессіз жоба біздің аймақта басталды.

Облыс көлемінде барлығы 4170 пәтерді құрайтын 300 тұрғын үйдің құрылысы жүргізілуде. Нәтижесінде биыл 2500-ден астам пәтер беріліп, аймақта 11 мың

тұрғынның баспана мәселесі оң шешімін тапты. Үкіметте біздің облыс тәжірибесін өзге өңірлерге де енгізу жөнінде шешім қабылданды. Қараша айында Құрылыс және өнеркәсіп министрлігінің бастамасымен республикалық мекеме басшылары, республиканың барлық өңірінде құрылыс және энергетика саласына жетекшілік жасайтын облыс әкімінің орынбасарлары, басқарма басшыларының қатысуымен аймақта құрылыс және тұрғын үй инфрақұрылымын дамыту мәселелері жөнінде республикалық жиын өтті.

Облыс бюджетінің 61 пайызы әлеуметтік салаға бағытталуда. Оның ішінде білім саласына 278 млрд теңге бөлінді, салада үлкен жобалар сәтті жүзеге асырылуда. Ал денсаулық сақтау саласына осы жылы 138,6 млрд теңгеден астам қаржы бөлінді. Сондай-ақ Өңірде мәдениет, руханият, спорт саласында да ауқымды жобалар жүргізілуде.

2-бет

ҮКІМЕТ ОТЫРЫСЫ

ӨҢІР ҮЗДІК ҮШТІКТЕ

Биылғы 11 айдың қорытындысымен Қызылорда облысы негізгі даму көрсеткіштері бойынша өңірлер арасында үздік үштікке енді. Өңдеу өнеркәсібінің өсімі бойынша аймақ республикада бірінші орында, ал ауыл шаруашылығында жалпы өнім шығару көлемі бойынша екінші орында. Бұл туралы ҚР Премьер-министрі Әлихан Смайыловтың төрағалығымен өткен Үкімет отырысында Ұлттық экономика министрі Әлібек Қуантайров баяндады.

«Өңдеу өнеркәсібінде оң көрсеткіш сақталуда, өндіріс көлемі 3,4 пайыз өсті. Көрсеткіштің өсімі 13 өңірде тіркелді. Оның ішінде Қызылорда, Қостанай облыстары мен Алматы қаласында ең жоғары көрсеткіш байқалды», – деді министр.

Үкімет жиынынан кейін өткен арнайы мәжілісте облыс әкімі талқыланған мәселелерге кеңінен тоқталып, алдағы жоспарларды

орындаудағы басты бағытты айқындады.

Қызылорда қаласы мен барлық аудан әкімдеріне, облыстық бағдарлама әкімшілеріне жоспарланған қаражатты 100% толығымен игеру тапсырылды. Жыл аяқталуға жақын, сондықтан қаржы игеруге, жұмыс сапасына қатысты мәселелерде бірінші басшылардың жауапкершілігі қаралатынын қатан ескертті.

КОНФЕРЕНЦИЯ

ТУҒАН ЖЕРДІҢ ТЕКТІ ТҰЛҒАСЫ

«Өлемнің әміршісі – еңбек» деген қағида бар. Осы ұстанымды өмірлік мұрат еткен көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері Бердібек Машбекұлы Сапарбаевтың 70 жылдығына арналған «Туған жердің текті тұлғасы» атты республикалық ғылыми-танымдық конференция өтті. Жаңақорған кентіндегі М.Көенов атындағы аудандық мәдениет үйінде ұйымдастырылған алқалы іс-шараға жиылған қауым алдымен қайраткердің еңбек жолына арналған тақырыптық көрмені тамашалады. Мұнан соң өмір жолынан сыр шертетін бейнекөрініске куә болды.



2-бет

ПРЕЗИДЕНТ РЕФОРМАСЫ

Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың Жолдауында: «Мемлекеттің білім саласына қатысты жұмысында тұтастық, яғни жүйе жоқ. Тіпті, өзара байланыс жоқ деуге болады. Сондықтан бес жастан асқан балаларға арналған «Келешек» атты бірыңғай ерікті жинақтау жүйесін енгізуді тапсырамын. Бұл бағдарламада мемлекет тарапынан ұсынылатын бастапқы білім беру капиталы, жыл сайынғы мемлекеттік сыйақы және инвестициялық табыс қарастырылуға тиіс. Осы жинақ пен «Ұлттық қор – балаларға» жобасының қаражаты қосылғанда жас ұрпақтың сапалы білім алуына мүмкіндік туады» деген болатын. Осыған орай Премьер-министр Әлихан Смайылов жауапты министрлікке балаға жоғары оқу орнында білім алуға қажетті ақшаны жинауға мүмкіндік беретін «Келешек» жүйесін 2024 жылы енгізуді тапсырды.

«КЕЛЕШЕКТЕН» НЕ КҮТЕМІЗ?

Ұсынылып отырған шараларды кеңінен талқылап, жүйенің әрекет ету тетігін жан-жақты пысықтауды да назардан тыс қалдырмады. «Бұл тек

министрлік үшін ғана емес, сондай-ақ халық пен барлық қатысушы үшін қарапайым әрі түсінікті болуы керек» деді Үкімет басшысы.

4-бет



Фото: Аиша Дәрікөзден

«АУЫЛДЫ ДАМУ – ҚАЗАҚСТАНДЫ ДАМУ ДЕГЕН СӨЗ»

Мемлекет басшысы аймақтарда инвестиция тарту жұмыстары жүргізіліп жатқанын айтып, Биылдың өзінде еліміз бойынша жалпы құны 376 миллиард теңгені құрайтын 91 инвестициялық жоба жүзеге асырылды. Соның арқасында 6 мыңнан астам тұрақты жұмыс орны ашылды. Президент қосымша тұрақты жұмыс орындарын ашу жалпымемлекеттік міндет екенін, өйткені бұл жерде халықты жұмыспен қамту, қоғамдағы масылдық психологиядан арылу туралы айтылып отырғанын жеткізді.

Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстанға әлемдік және аймақтық өнеркәсіп аспауытары келіп жатқанына тоқталып, жақында Қостанайда Kia автокөліктерін шығаратын толық циклді зауытын құрылысы басталғанын мысалға келтірді.

– Жақында менің тапсырмаммен Қарағанды металлургиялық комбинатын қазақстандық компанияның меншігіне беру мәселесі сөзге түсті. Жұмыстың бастапқы кезеңінде компанияға көмектесу – Үкіметтің ендігі міндеті. Содан кейін кәсіпорынның жаңа иесіне қатаң талап қойылады. Кейбір өндірісшілер халықтың тыныс-тіршілігін қамтамасыз ететін маңызды нысандарда апаттардың жиілеуі кетуі бүкіл еліміздегі инженерлік және энергетикалық инфрақұрылымдарды жаңғырту аса қажет екенін айқын көрсетті. Бұл мәселе ондаған жыл бойы назардан тыс қалып, шешімін таппай келеді. Мемлекет қысқа мерзімде ревизия жүргізіп, қолданыстағы генерациялаушы қуат көздерін жөндеуде, жаңа нысандарды іске қосуда, жылу және басқа да инженерлік желілерді жаңартуда жүйелі жұмыстарға кірісті. Атап айтқанда, биыл еліміздің батысында электр желілерінің өткізу мүмкіндігін екі есесен астам арттыруға ықпал еткен ауқымды жоба жүзеге асырылды, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Сонымен қатар перспективті цифрлық индустрияға баса назар аударылды. Президенттің айтуынша, Қазақстан электронды үкімет пен қаржылық-технологиялық даму индексі бойынша әлемде жетекші орын алады.

– Елімізде IT секторы қарқынды дамула. Озық мемлекеттер экономикасындағы бұл саланың үлесі жыл сайын ұлғайып келеді. Биыл отандық IT индустрия экспорты бес есе өсті. Мен оның көлемін 2026 жылға қарай бір миллиард долларға жеткізу міндетін жүктедім. Біз ірі өнеркәсіптік өндірістен бастап, шағын сервистік жобаларға дейінгі экономиканың барлық саласын одан әрі цифрландыруға баса мән береміз. Бірақ босансаң, жетістіктерге тоқмелілеуге болмайды. Еліміз жаһандық цифрлық технология орталығы ретіндегі орнын нығайтуы керек. Қазақстан ірі халықаралық IT компаниялардың кеңселері орналасатын аумақ бола алады және болауы тиіс, – деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев салтанатты рәсімге қатысушылармен кездесуде халқымыздың үйренетін ғана емес, үйрететін ұлт болуы керек екенін, ал Қазақстан тұтынатын емес, өндіретін мемлекет болуы қажеттігін айтты.

– «Қазақстанда жасалған» деген таңба ең мықты сапаның, ең жақсы өнімнің белгісіне айналуы тиіс. «Алтын сапа» байқауының басты мақсаты – осы. Сонымен бірге, бизнес өкілдері халық алдындағы жауапкершілікті терең сезінуі керек. Адал азамат өз жағдайын ғана жасамайды. Ол туған ауылының немесе өзі жұмыс істей жатқан аймақтың қамын да ойлайды. Мұндай кәсіпкерлер көпшіліктің қолдауына және алғысына ие болады. Шын мәнінде, туған елдің ықыласынан артық марапат жоқ. «Парыз» байқауына қатысушылар биыл түрлі әлеуметтік жобаға белсене атсалысты. Қайырымдылыққа 80 миллиард теңгеге жуық қаржы жұмсады. 6 мыңнан астам жаңа жұмыс орнын ашты. Табысын елімен бөліскен осындай азаматтар жоғары құрметке лайық, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы жиын соңында «Алтын сапа» және «Парыз» байқауларына қатысқан кәсіпкерлерге ризашылығын білдіріп, лауреаттарға наградаларын тапсырды.

«Парыз» сыйлығының орта және шағын кәсіпкерлік субъектілері арасындағы Гран-приі «Абай Дуалет» ЖШС-на (Қызылорда облысы), ал ірі кәсіпкерлік субъектілері арасындағы Гран-приі «Бақыршық тау-кен өндіру кәсіпорны» ЖШС-на (Абай облысы) табысталды.

«Үздік индустриялық жоба» номинациясы бойынша «ДЭП» ЖШС (Қостанай облысы), «Уздік инновациялық жоба» номинациясы бойынша «CleanfieldKazakhstan» ЖШС (Маңғыстау облысы) «Алтын сапа» сыйлығының жеңімпаздары атанды.

1-бет

ЖОБА

«ӘЛЕУМЕТТІК МАҢЫЗЫ БАР ҚАТЫНАСТАРДЫ ТІЗБЕСІН АЙҚЫНДАУ ТУРАЛЫ» ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСТЫҚ МӘСЛИХАТЫНЫҢ 2016 ЖЫЛҒЫ 10 АҚПАҢДАҒЫ №352 ШЕШІМІНЕ ТОЛЫҚТЫРУЛАР ЕНГІЗУ ТУРАЛЫ

«Автомобиль көлігі туралы» Қазақстан Республикасының Заңының 14-бабына сәйкес Қызылорда облыстық мәслихаты ШЕШТІ:

1. «Әлеуметтік маңызы бар қатынастарды тізбесін айқындау туралы» Қызылорда облыстық мәслихатының 2016 жылғы 10 ақпандағы №352 шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізімінде №5402 болып тіркелген) мынадай толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген шешімнің қосымшасында: «Әлеуметтік маңызы бар қатынастардың тізбесі мынадай мазмұндағы реттік нөмірлері 49,50,51,52,53,54-жолдармен толықтырылсын:

49	Әйтеке би кенті-Қ.Пірімов-Басықара ауылы
50	Әйтеке би кенті-Шәкен-Шилі ауылы
51	Кәукей-Ажар ауылы
52	Әйтеке би кенті-Жанқожа батыр ауылы
53	Аудандық емхана-№5 квартал
54	№5 квартал-Аудандық емхана

2. Осы шешім алғашқы рет жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданыса енгізіледі.

ӨҢІР. ӨСІМ. ЕНДІГІ МЕЖЕ

ОБЛЫС БЮДЖЕТІНІҢ ӘЛЕУМЕТТІК БАҒЫТЫ САҚТАЛАДЫ

– Өткен аптада елордала Астана қаласының 25 жылдығына орай Қызылорда облысының мәдениет және өнер күндері өтті. Астаналықтар екі күн қатарынан «Жастар театрында» Нартай Бекежанов атындағы қазақ академиялық музыкалық драма театрының сахнагерлері ұсынған «Жәмилә», «Нарком Жүргенов» спектаклін тамашалады. 9 желтоқсанда «Бейбітшілік және келісім» сарайында «Сұлу Сырдан – Ару Астанаға» атты гала-концерт өтті, астаналықтарға, онда тұратын жерлерімізге елдің шығармашылық сәлемі тарту етілді. Қызылорда қаласында 1000 орындық Өнер орталығының құрылысы аяқталуға жақын. Орталықта кәсіби концерттік ұжымдардың дайындығына, іс-шараларын өткізуіне толық жағдай жасалады. Бұл ғимаратқа 50 жылдық тарихы бар облыстық филармония ұжымы орналасады. Темір-жол вокзалының аумағындағы кәсіби филармония ғимаратының концерттік залын Жастар театрына беру жөнінде шешім қабылданды. Мәдениет қайраткерлерімен кездесулерде сүйелердің елінде облыстық Жыраулар үйін ашу мәселесі жиі көтерілуде. Облыстық мәдениет және

туралы бастамасы аясында аймақта «Туған жерді бірге түлетейік!» үндеуі жарияланды. Нәтижесінде сол арқылы демеушілер есебінен 37,5 млрд теңге тартылды.

Құрылыс, жол компанияларымен және кәсіпкерлердің қолдауымен 3,3 млрд теңгеге 630 жобаға жобасметалық құжаттама әзірленді. Бастамаларға қолдау көрсетіп жатқан жерлес жанауар азаматтарға зор ризашылығымызды білдіреміз. Туған жер алдындағы азаматтық парызын адал атқарып жүрген елжанды азаматтарымыз мемлекет тарапынан лайықты бағасын алуға. Республика күнінде жерлесіміз «Таң» шаруа қожалығының төрағасы Шағыртаев Имамзада Қуанышбайұлы ең жоғары деңгейдегі мемлекеттік награда – «Қазақстанның Еңбек ері» атағын алса, өзге де кәсіпкер азаматтар түрлі мемлекеттік наградалармен марапатталды. Күні кеше «Абай-Дуалет» серіктестігінің директоры Марат Сәрсенбаев Президенттің қолынан бизнестің әлеуметтік жауапкершілігіне берілетін жоғары марапат – «Парыз» сыйлығының гран-приін алды.

– Қазақстан Республикасының Бюджет кодексіне сәйкес, «2024-2026



спорт басқармасына Жастар театры жанындағы қосымша ғимаратты Жыраулар үйі ретінде ашуды тапсырамын. Ол үшін арнайы мекеме құрып, артық қаржы шығындаудың қажеті жоқ. Қолымыздағы бар мүмкіндікпен филармонияның филиалы ретінде ұйымдастыру керек, – деді облыс әкімі.

Мемлекет басшысының кәсіпкерлерді патриотизм мен әлеуметтік жауапкершіліктің үлгісін көрсету

1-бет

жылдарға арналған облыстық бюджет туралы» шешім жобасы әзірленді. Айта кетсек, «2024-2026 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» Қазақстан Республикасының Заңы қабылданды. Заңға сәйкес облысымызға республикалық бюджеттен берілетін субвенция көлемі 2023 жылғы 400,5 млрд теңгеден 2024 жылғы 433,0 млрд теңгеге немесе 32,5 млрд теңгеге арты. Облыс бюджетінің басым бағыты халықтың өмірі мен әл-ауқатын одан әрі жақсарту болып отыр. Әлеуметтік



және мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің сапасын арттыруға негізделген бюджеттің әлеуметтік бағыты сақталды. Алдағы жылға облыс бюджетінің құрамында әлеуметтік саланың үлесі 389,2 млрд теңгені құрайды. Ол жалпы шығындар көлемінің 60 пайызын шамалайды. Оның ішінде білім саласы 265,7 млрд теңге, денсаулық сақтау саласы 30,0 млрд теңге, әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамсыздандыру 43,4 млрд теңге және де мәдениет, спорт салалары 50,1 млрд теңге көлемінде құралып отыр, – деді облыс әкімі депутаттар алдында.

«Дені сау ұлт» әрбір азамат үшін сапалы және қолжетімді денсаулық сақтау» Ұлттық жобасына сәйкес аудандық ауруханаларды заманауи құрал-жабдықтармен жабартандыруға, амбулаториялық емханалық көмек көрсететін ұйымдар үшін медициналық техниканы сатып алуға маңыз берілді. Сондай-ақ қаржы көлік инфрақұрылымының басым жобаларын, «Ауыл – ел бесігі» жобасы шеңберінде көшелерді орташа және күрделі жөндеуде, әлеуметтік сала нысандарын күрделі жөндеуде, мектепке дейінгі білім беру ұйымдары және мектепалды даярлық топтарындағы педагогтердің еңбекқабасын 30 пайызға ұлғайтуға бағытталды. Оған қоса қоғамдық тәртіп пен қауіпсіздікті қамтамасыз ету, мемлекеттік шығармашылық және спорттық тапсырысты орналастыруға қаржы жоспарлануда.

Даму бюджетінің үлесі биылға бекітілген 75,8 млрд теңгені құраса, ол алдағы жылғы 136,4 млрд теңгеге артып отыр. Бұл қаржы есебінен облыста тұрғын үй құрылысын жүргізу, инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды, көлік инфрақұрылымын дамыту, газ, су, электрмен жабдықтауға бағытталған жобаларды қаржыландыру ойландырылып отыр. Биыл «Жайлы мектеп» жобасы аясында аймағымызда 10 мектеп құрылысын жүргізуге 19,6 млрд теңге бөлінген еді. Ал 2024 жылы осы жұмыстарды жалғастыруға және жанадан 11 мектептің құрылысы жұмысын бастауға 24,5 млрд теңге бағытталуда. Сондай-ақ Қызылорда қаласында жанадан құрылысы басталған жылу-электр орталығының жалпы құны 15 млрд теңгені құрайтын автоматты газ тарту станциясын орнату отырып, газ тарту жобасының бастапқы жұмысын қаржы қаралуда. 2024 жылы 12 елді мекенді газбен жабдықтау жұмыстарын жүргізуге 1,2 млрд теңге бағытталып отыр. Нәтижесінде облыс бойынша табиғи газға қосылған халықтың үлесін 78%-ға жеткізу жоспарға алынған.

Жобаны жүзеге асыру Қызылорда қаласындағы теміржолдың арғы бетіндегі «Шанхай», «Коммунизм», «Гагарин» тұрғын аудандарын қаланың орталық бөлігімен қозғалыс қауіпсіздігін сақтай отырып, көлік қатынасын жүргізуге мүмкіндік береді.

ОБЛЫС ӘКІМДІГІНДЕ ҮЗДІК КӘСІПОРЫНДАРҒА ҚҰРМЕТ КӨРСЕТІЛДІ

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев ҚР Президентінің «Алтын сапа», «Парыз» сыйлықтарының иегерлері мен өзге де байқаулардың лауреаттарын Сыр жұртшылығы атынан құттықтады.

– ҚР Президенті Әкімшілігінің жанынан құрылған республикалық комиссия қорытындысымен «Парыз» конкурсының шағын және орта кәсіпорындар арасындағы гран-при жүлдесіне «Абай Дуалет» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі иеленіп, аймағымыздың мерейін үстем етті. Мереке қарсаңында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлының қолынан алған марапат құтты болсын! Аталған жұлде бір кәсіпорынның ғана емес, Сыр жұртшылығының жеңісі деп білеміз. Бұл – облыстағы барлық кәсіпкерлік саласының өкілдеріне берілген жоғары баға, – деді аймақ басшысы.

Еске саласақ, «Абай Дуалет» ЖШС байқауға «Үздік әлеуметтік

жауапты кәсіпорны» номинациясы бойынша өтімін тапсырған болатын. Бүгінде даму қарқынды жоғары көпсалалы компанияның негізгі бағыты – күріш, күс және мал өсіру, тамақ өндірісі мен құрылыс материалдарын шығару. Мұнда 200-ге жуық адам жұмыспен қамтылған. Бұған дейін 2019 жылы кәсіпорын «Қазақстанның үздік тауары», 2020 жылы «Әскер», 2021 жылы «Алтын сапа» байқауларының лауреаты атанған.

2020-2023 жылдары компания демеушілік пен қайырымдылыққа, әлеуметтік нысандардың құрылысы мен күтіп-ұстауына 1,3 млрд теңге жұмсаса, аймақ дамуына 2,5 млрд теңге инвестиция салды.

Бұдан бөлек, «Алтын сапа» сыйлығы байқауының финалына 4 кәсіпорын өтіп, оның ішінде «Асыл дән ЛТД» және «Alexey Sultan Akhmet» ЖШС «Әскер» арнайы сыйлығының жеңімпазы атанды. Ал «Алтын орда» серіктестігі «Ұлы дала елі» бірінші брендин пайдалану құқығын беру конкурсының лауреаты болды. Нұрлыбек Машбекулы барлық жеңімпаздарды құттықтап, облыстың өркендеуіне, әлеуметтік-экономикалық дамуына атсалысқан кәсіпкерлерге алғыс білдірді.

Әр жылдары аймақтың 17 кәсіпорны «Парыз» конкурсының лауреаттары атанды. Атап айтқанда, 2009 жылы «Атқару-Петролеум» АҚ, 2014 жылы «Қазгермұнай» БК ЖШС гран-при жүлдесін иеленді. Биыл конкурста қатысуға облыс бойынша 16 кәсіпорын өтімін берді, оның 5-еуі – ірі кәсіпкерлік, 11-і – орта және шағын кәсіпкерлік субъектісі.

ОРТАҚ ІСТІҢ ОҢ НӘТИЖЕСІ

Сейсенбіде облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев өткен аптада Астана қаласындағы маңызды іс-шараларды ұйымдастырған әріптестеріне алғыс білдіріп, марапаттады.

Аймақ басшысы уақытпен санаспай, жұмылын еңбек еткен азаматтардың арқасында баспасөз конференциясы мен Астана қаласының 25 жылдығына арналған Қызылорда облысының мәдениет және өнер күндері жоғары деңгейде өткеніне ерекше тоқталды.

– Желтоқсанның 7-сі күні республикалық букаралық ақпарат құралдары өкілдеріне арналған брифингте Президент тапсырмаларының орындалуы, өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуы туралы баяндылық. 9 желтоқсанда «Бейбітшілік және келісім» сарайындағы «Сұлу Сырдан – Ару

Астанаға» атты гала-концертте астаналықтарға, елордала тұратын жерлерімізге елдің шығармашылық сәлемі тарту етілді. Гала-концерт жоғары деңгейде өтті. Күннің сұғына қарамастан, қаншама адам «Бейбітшілік және келісім» сарайына кіруді мүмкіндігін іздеп, біраз уақыт сыртта күтті. Халық Сыр өнерпаздарының шығармашылығын сағынған екен. Гала-концерттің орнөмірін үлкен қошеметпен қарсы алды. Көрермендер өнер шеберлерін сахнадан жібермей, ерекше қолдау көрсетті. Өңірдің мерейін асырған қос шара – брифинг, мәдениет пен өнер күндеріне астаналықтар, Пре-

зидент Әкімшілігі, Үкімет мүшелері, Парламент Сенаты мен Мәжілісінің депутаттары, мемлекет және қоғам қайраткерлері, зиялы қауым өкілдері, жерлестер он бағасын берді. Елорда төрінде елдегі ағайынның ыстық ықыласын, қолдауын сезіндік, – деді Нұрлыбек Машбекулы.

Жында аталған шаралардың жоғары деңгейде өтуіне атсалысқан ұжымдар мен азаматтар марапатталды.

Іс-шара соңында аймақ басшысы келер жылы наурыз айында Қызылорда облысының Өнер күндері Алматы қаласында да өткізілетінін хабарлады. Оған дайындық және ұйымдастыру жұмыстарын қазірден бастап пысықтауды тапсырды.

«СБ» ақпарат

ТУҒАН ЖЕРДІҢ ТЕКТІ ТҰЛҒАСЫ

Бердібек Сапарбаев – «Отан», I дәрежелі «Барыс», «Парасат», «Құрмет» ордендерінің иегері. Қызылорда, Оңтүстік Қазақстан, Шығыс Қазақстан, Ақтөбе облыстарының құрметті азаматы. Осы аталған өңірлермен қатар Жамбыл облысын, яғни, Қазақстанның бес облысын басқарған бірегей тұлға. Тәуелсіз елдің еңсе тіктеп, бұны бекітуіне аянбай үлес қосқан қайраткер.

Түркі жұртының алтын бесігі – Сыр өңірін облыс болып құрылғанына 85 жыл. Тарихқа толы шежіреде, толағай болмысты тұлғалы азаматтардың есімі халық жадында сақтаулы. Айдыңды Арал мен қарт Қаратаудың арасын ең жайлаған ел, аты ұмытылмайтын, өңегісі ескірмейтін жандарды жаднан шығармаған. Солардың бірі, бүгінде 70 жылдығы аталып отырған Бердібек Машбекулы Сапарбаевтың есімі де туған халқына қалтқысыз қызмет еткендер қатарында өз биігін алмасармай, уақыт өткен сайын асқақтай түсуде, – деді конференцияның жүргізген облыстық мәслихат төрағасы Н.Байқадамов кіріспе сөзінде.

Сонымен қатар қайраткердің ел басқарудағы үлгісін көріп, әділеттікке, адалдыққа бай тәжірибесін бойына сіңіргендердің үнемі мақтаныш ортасында жүрген көрнекті мемлекет және қоғам қайраткерінің өмірден озғанына 6 айдың жүзі болды.

Наурызбай Сейтқалиұлы атап өткендей, суық хабар жетісімен, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев Бердібек Машбекулының еңбегіне айрықша баға беріп, арнайы комиссия құрып, ел перзентінің жерлеу рәсіміне ерекше көңіл бөлді. Арнайы комиссияны Үкімет басшысы Әліхан Асханұлы басқарды. Асыл азаматты мемлекеттік деңгейдегі тұлғалар, қазақтың игі-жақсылары ағынан тік тұрып, ақтық саларға шығарып салды.

Бердібек Сапарбаев – қарапайым жұмысшыдан Үкімет басшысының орынбасарына дейінгі жолдан өткен мемлекеттік тұлға. 11 Премьер-министрмен қызметтес болды. Бүгінде

– Денсаулық сақтау саласын дамыту жобалары аясында алдағы жылы облыстық Қан орталығы және Онкологиялық аурухана құрылысы өз жалғасын табуы. Бұл мақсатта республикалық бюджеттен 4,7 млрд теңге бөлініп отыр. Сумен, электрмен, жылумен жабдықтау, инженерлік инфрақұрылымды жүргізу бойынша жобаларды қаржыландыруға республикалық бюджеттен 17,7 млрд теңге жоспарлануда. «Облыс орталығын дамыту» бағдарламасы бөлініп 3,7 млрд теңге Қызылорда қаласындағы Жанқожа батыр көшесі арқылы өтетін жол өтпесін салу, Яссауи көшесін қайта жаңғырту, «Тәуелсіздік – 25 жыл» даңғылы арқылы «Қызылжарма» каналына өтетін көпір құрылысы жобасына бағытталуда. Ал «Шағын қалаларды дамыту» бағдарламасы аясында Арал, Қазылы калаларын дамытуға 1,6 млрд теңге қаржы қаралуда. Сондай-ақ ауылдық елді мекендерде әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылымды дамыту, ауыл халқының әлеуметтік игіліктер мен мемлекеттік қызметтерге қолжетімділігін қамтамасыз ету және жалпы жайлы өмір сүру ортасын қалыптастыруда «Ауыл – ел бесігі» жобасының маңызы жоғары. Аталған жоба аясында 2024 жылы аймағымызда 5,5 млрд теңге жоспарланған, – деді облыс әкімі.

Сессияның күн тәртібіне 10 мәселе қойылған. Облыстық экономика және қаржы басқармасының басшысы Қамбарбек Мұбарқов «Қызылорда облыстық мәслихатының 2022 жылғы 13 желтоқсандағы №153 «2023-2025 жылдарға арналған облыстық бюджет туралы» шешіміне өзгерістер енгізу», «2024-2026 жылдарға арналған облыстық бюджет туралы» хабарлама жасады. Депутаттар тарапынан жасалған ұсыныстар негізінде бірқатар мәселелер қолдау тапты. Мәселен, жергілікті тұрғындар тарапынан жанадан стадион салу жөнінде ұсыныстар айтылып жүрген еді. Ендігі кезекте стадион құрылысын бастауға 3,8 млрд теңгеге жуық қаржы бөлінетін болды.

Облыстық мәслихат төрағасы Наурызбай Байқадамов жыл көлемінде мәслихат тарапынан атқарылған жұмыстар жөнінде есеп берді. Сондай-ақ күн тәртібінде өзге де мәселелер депутаттар тарапынан қолдау тапты.

Сессия барысында кейбір басқармаларды қайта құру мәселесі талқыланды. Атап айтқанда, алдағы уақытта спорт және туризм, сондай-ақ жұмылдыру дайындығы бағдарламалары құрылды. Бұдан бұрын спорт саласы мәдениетпен бір басқарма ретінде қызмет жасаса, жұмылдыру дайындығы облыс әкімі аппаратының құрылымына енген еді.

Облыстық мәслихат төрағасы Наурызбай Байқадамов жыл көлемінде мәслихат тарапынан атқарылған жұмыстар жөнінде есеп берді. Сондай-ақ күн тәртібінде өзге де мәселелер депутаттар тарапынан қолдау тапты.

Сессия барысында кейбір басқармаларды қайта құру мәселесі талқыланды. Атап айтқанда, алдағы уақытта спорт және туризм, сондай-ақ жұмылдыру дайындығы бағдарламалары құрылды. Бұдан бұрын спорт саласы мәдениетпен бір басқарма ретінде қызмет жасаса, жұмылдыру дайындығы облыс әкімі аппаратының құрылымына енген еді.

1-бет

Қ.ӘБШ

Парасат жолы



Қазақта әлімсақтан келе жатқан «Ұлықпандай мың жасамайды. Бірақ оның адам баласына жасаған жақсылығы, ізгілікті ісі, артқа қалдырған ғибраттары мен өшпес ізі мың жасайды. Ұлықпан – сонысымен мәңгілік, сонысымен мың жасап келе жатқан ғұлама.

Сырдың бойын мекен еткен, елінің елеулісі, халықтың қалауысы, қамқоршысы болған Остай деген ақсақал тоқсаннан асқан шағында дүниеден өтті депті. Остай кезде соғыс және еңбек ардагері Баба Жәнішев деген ауылдасы оның көңілін сұрай барғанда абыз:

– Қарағым, Аллаға өкіем жоқ. Мына пәни дүниеде де арманым жоқ. Өзімнен тараған ұрпағым 100-ге жетті. Енді осылардың алдында абыройым Алла аманатын алса, өкініш жоқ, – деген екен.

– Менің де жасым сол кезде 80-нен асып қалған еді. «Ұрпағым 100-ге жетті» деген кісіні бірінші естүім, – деп отыратын сол кезде Бабажан қария.

Солардың бірегейі, әулеттің абыройын әулетке марқұм Батырхан Остай еді.

ҚР Парламенті Сенатының депутаты Руслан Рүстемов оң кісі туралы естелідегі әрбір кездесу жана да жылы леп өкелетінін айтқан.

– Батекеннің қаламынан 550-ден аса ғылыми-танымдық әдістемелік дүние өмірге келді. Бұл дегеніміз – ғаламат, көп еңбек! Оның еңбектері, іс-тәжірибесі Одақ көлемінде де танымал болды, – дейді ол.

Ес біліп, мектеп табалдырғын аттағаннан өмірінің ақырына дейін ол өзінің туған ауылы бұрынғы Ақсуат, Киров, бүгінгі Махамбет ауылына қызмет етіп кетті. Сол арқылы бүкіл елге деген ыстық ықыласы мен сүйіспеншілігін еңбеккерлермен, іскерлікпен танытып өтті. Ол бар ғұмырын ұстаздық жолға арнады. Жүрегі – атың ұя мектебі, тірегі – ұжым болды.

Назарбаев Университеті Жоғары білім беру мектебінде үздіксіз білім беру департаментінің директоры Жаңыл Жантаева Сыр елінің ұстаздарында өзге өңірлермен салыстырғанда ерекшелік бар екенін айтады. Ол – қазақи қалпы, қарапайымдылық қасиеті. «500 мыңнан астам ұстаздың өмірбаянын, көріп, талдау арқылы қарасаңыз, Батырхан Остайтың басының, ұстаздың бірегей екендігіне көз жеткізесіз. Бірегей деп отырған себебіміз, тек бір мектептің ұстазы, не бір мектептің директоры ғана емес,

елдегі ұстаздардың идеалы, атрибуты осы Батырхан ағамыз» дейді Ж.Жантаева.

Батырхан ағамыз білім саласындағы өзекті мәселелерді ешқашан көзден таса етпегенін, айтар орнында айтып, сынар жерде сынағанын, барды бар, жоқты жоқ дегенін Сенат депутаты Ақмарал Әліжанова да айтады.

Сонау 60-жылдары Қызылорда педагогикалық институтының физика-математика факультетін тәмамдаған ол өз бітірген мектебіне мұғалім болып келді. Өзі оқытқан ізгілігі мол жандардың ақыл-көңісіне жүгірді. Өрістестері мен ұжымының қолдауына сүйенді.

Кезінде Оқу министрі Қожахмет Балахметов сайлау барысымен келгенде Батырхан Остайтың №143 мектебіне соққан. Мектепте атқарылып жатқан істерді көрген ол облыстың қай жерін араласа да, «Мен керемет ауыл мектебін, оны өте шеберлікпен басқарған мектеп директорын көрдім. Тәңті болдым. Сол жерден үйрену, директордан оқу, облыстық семинар өткізу керек» деп мінбеден айтудан танбай кеткені бар.

Батекеннің ең басты марапаты – өзіне деген халқының құрметі. Ең жоғары мадағы – өрістестерінің сенімі. Абзал жанның ұжымға «Бір жерде менің атымды атап, мақтаса, ол – сендердің марапатарың, сендердің еңбектерің, бірлік-тіріктің арқасы» деуі де сондықтан.

Қосшыны тыңдаған басшы жаман болмайды. Мектеп басшысының сол кездері мамандардың пікірлерімен санасып, ой-тілегіне назар аударуы, ұсынысын тыңдап, ақыл қосудың жемісі де аз болған жоқ. Оқушыларының техника менгеруі мен егіндік жерді баптап, керек десе мал ұстап, сауын саууды да қоса атқаруы үшін мақсатты шаруаны мықтап қолға алды. Жас буынның атақасіттен алшақтап кетпелі бағыты назарда ұстады.

Кенешар ұжымы мен мектепті тығыз байланыстырып, форма ұйымдастырды. Сол жылдары аудан мектептері өткізген 100 тонна қызылтаннан 53 тоннасын №143 орта мектептің өндірістік бригадасы берді. Онан түскен қаржы мек-

теп қорына кіріс болды. Күнделікті мектеп асханасында оқушылардың жана сауылып пісірілген сүтке, қолдан ұйытылған қаттыққа аузы тиетін жағдайға жетті. Ақтөбе, Орал, Атырау, Ақтау, Оңтүстік Қазақстан облыстарындағы мектептер өкілдері тәжірибе алмасуға ат басын тірелді.

«Әке көрген оқ жонар» дегендей, Батырханның әкесі Остай – киіз үй тігіп бие байлаған адам. Өмірі дастарханын жыйылмаған қонақжай кісі болды. «Қойыннан келсе, жұртыңның бұл бол. Биі болмасаң, бізге бірге қадірлі қонағың түсетін үйі бол», дейтін ол.

Сол үрдіспен абыз елінің бие де, түсетін үйі де болды. Желден құланы, сауымалдан биесі үзілмеді, мейманы арылған жоқ.

Батырхан да әке үрдісін балаларына дарытты. Оның да желісінен құланы, балдай дәмді сары қымызы, саф алтындай сапырған сауымалы ажырамады.

Әулеттің ең басты бақыты, ең асыл қағидасы – пендеге деген ыстық ықыласы. Марқұм Батырханның ғұмыры да солай өтті. Үлкенге кішілік ілтипат, кішіге ізеттілік таныта білді. «Қырықтың бірі – Қыдыр, мыңның бірі – Уәли» болса, солардың дені – осы Остайдың ұрпағы Батырханның және оның балаларының дастарханынан дәм татқан кісілер.

Мағжан Жұмабаев қазақ білімінің сапасы биіктен көрінуін сол кездің өзінде аңсаумен өткен екен. «Әрбір елдің келешегі мектебіне байланысты» депті, бір жазбасында. Нағыз ұстаз өзінің көркем мінезі мен білімділігін назарлай қойғанда, керек десе қиын қимыммен, жан-жағына жайдар қалпымен шауғын шашып жүреді. Сол қарапайымдылығы мен ізгілігі арқылы шәкірттерінің де, айнала-сындағы өрістестерінің де жүрегің жаулап алады.

Өз-өзінің қадірін біліп, өз-өзін сыйлаған жан, өзін де өзгеге сыйлата біледі. Батырхан Остайтың парасаты, өзгеге ұқсайтын ерекшелігі қымбат ұстаздық жолы осындай еді...

Жеткерәлі ӘЛМАҒАНБЕТҰЛЫ

ЖЕМҚОРЛЫҚТЫҢ ЖОЛЫН КЕСУ ШАРАЛАРЫ

Бүгінде барлық мемлекеттік органдардың мақсаты – сыбайлас жемқорлықтың алдын алу, болдырмау және жолын кесу, мемлекеттік қызметте реттік пен тәртіпті күшейтуге бағытталған шараларды қарастыру. Сондықтан жемқорлықты болдырмау жұмыстың негізгі бағыттарының біріне айналып отыр.

Облыстық әділет департаментінде сыбайлас жемқорлық көріністерін ескерту, алдын алу және жолын кесу, Әдеп кодексі нормаларын сақтау бойынша іс-шаралар жоспарлы түрде атқарылып келеді.

Іс-шараларды өткізудегі басты мақсат – мемлекеттік қызметшілердің жемқорлық көріністеріне төзбестік қарым-қатынасын қалыптастыру және тұрмыстық деңгейдегі сыбайлас жемқорлықтың алдын алу.

Заңдылықтарды сақтау және тәртіпті нығайту мақсатында тұрақты негізде «AMANAT» партиясының филиалы, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) облыс бойынша департаменті, «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы облыс бойынша филиалының, прокуратура органдары өкілдерінің қатысуымен семинарлар, кездесулер, дәріс нысандарында шаралар және дөңгелек үстелдер өткізілді.

Өткізілген іс-шараларда сыбайлас жемқорлықты болдырмау және алдын алу шаралары, мемлекеттік қызметшілердің әдеп нормаларын, шектеулерді сақтау мәселелері қаралып, талқыланды.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру және әдеп нормаларын сақтау мәселелері жайлы ауданаралық әділет басқармалары семинарлар, «Ашық есік» күндерін, құқықтық көмек көрсету бойынша тікелей эфирлер, жеке қабылдаулар өткізіп, дәрістер оқылды.

«ADALDYQ ALANY» жобалық кеңесі департамент ғимаратының бірінші қабатында, сондай-ақ, азаматтармен жұмыс жасауға ыңғайлы болу үшін департамент басшысы орынбасарларының қызметтік бөлмелері де бірінші қабатта орналасқан. Осы қабатта азаматтардың жеке қабылдау орындары да жасалған. Онда азаматтарды қабылдау барысына бейнебақылау орнатылған.

Әділет департаменті облыс бойынша нотариустар, адвокаттардың, жеке және мемлекеттік сот орындаушылар, департаменттің бөлім қызметкерлері, «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясының қызметкерлері мен заң кеңесшілерінің қатысуымен «Ашық есік күнін» өткізіп тұрады.

Әлеуметтік желілер арқылы сот актілерін орындау, тіркеу, әділет департаментінің негізгі бағыттары бойынша құқықтық онлайн түсіндірмелер жүргізу үшін тікелей эфирлерге қосылады.

Мемлекеттік қызметшілердің біліктілігін арттыру құқық бұзушылықтың алдын алуға бағытталған. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы тақырыптарда мемлекеттік қызметшілер оқытылып отыр.

ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері жөнінде өткен кеңесте халық арасында ақпараттық түсіндіру жұмыстарын күшейтуге шақырған болатын.

«Жемқорлық – індет, онымен күресу – міндет» қағидатын баршаның санасына сіңіру бүкіл мемлекеттік органның ортақ жұмысы болуы тиіс екендігін атап өтті.

Осы бағытта департамент және оның құрылымдық бөлімшелері қызметкерлерін толығымен құқықтық насихаттауға жұмылдыру және аталған жұмыстың пар-

менділігін арттыру мақсатында құқықтық және қызмет барысында туындаған кезікшеліктерге сәйкес, әділет органдарының негізгі функциялары туралы мақалалар жариялап, телесарналар мен радиода түсіндірме сұхбаттар, «Ашық есік» күндерін ұйымдастырып келеді.

Мәселен, Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінде және «Болашақ» университетінің студенттері арасында ақпараттық-түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Осы бағытта әрі қарай заңнама және стратегиялық құжаттарда көзделген шараларды пәрменді жүзеге асыруды талап етеді.

Еліміздің сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының 2022-2026 жылдарға арналған тұжырымдамасын іске асыру бойынша іс-шаралар жоспарында 6 міндет қаралған. Орадам оған төзбешілік таныта білсе, осы қойылған алты міндет орындалады.

Алдымызда әлі талай үлкен міндеттер тұр және сапалы нәтижеге қол жеткізуге ауқымды іс-шаралар жоспарланған. Осы негізде, яғни сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыруда жұмыстар жалғасын таба берсін.

Ә.АБДЫКАЛИКОВА, облыстық әділет департаментінің бөлім басшысы

ТҰРҒЫН ҮЙДІ ГАЗДАНДЫРУ ҮШІН НЕНІ БІЛУ КЕРЕК?

«ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ тұрғын үйді жобалау және газдандыру бойынша қызметтер нарығы бәсекелестік ортада екенін хабарлайды.

Бұл жұмыстарды лицензияланған ұйымдар ғана орындауға құқылы, оларды әр тұтынушы өзі таңдайды.

Ақшасына сай сапалы қызмет алу үшін және алаяқтардың құрбаны болмау үшін «ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ ұсынған кеңестерді пайдаланған жөн:

- 1. Үйді газдандыру үшін бірінші кезекте «ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ-нан техникалық шарттар алу қажет. Техникалық шарттарды беру өтеусіз негізде (тегін) жүзеге асырылады. Техникалық шарттарды (ТШ) алуға өтінім берудің мынадай жолдары бар:
 - онлайн – www.ktga.kz сайтында
«Тұтынушының жеке кабинеті» арқылы. Өтінімді өңдегеннен кейін дайын Техникалық шарттарды SMS түрінде алынған сілтеме бойынша жүктеуге болады;
 - өңірлерде орналасқан «ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ өндірістік филиалдарының мекен-жайлары бойынша;
 - «eGov.kz» порталы арқылы.
2. «Нарықтың» талдануы: артрүрлі интернет-ресурстарда (market-place) өнім берушілердің ұсыныстарын зерделеңіз, үйлеріне табиғи газ кіргізген тугандарыңыз бен таныстарыңыздан сұраныңыз.

3. Салыстыру үшін істелетін жұмыс құнына (құбыр жүргізудің 1 метрі қанша болады, бір жабықтық орнатуға қанша ақша алады және т.б. үшін) және жұмыстың орындалу мерзімдеріне назар аударған жөн.

4. Пікірлерге назар аударыңыз.

5. Компанияның өз кеңесі мен сайтының болуы да сенімнің маңызды факторы болып табылады.

6. Таңдалған компанияның сенімділігін тексеру үшін лицензиялары мен аттестаттарының бар-жоғын тексеріңіз. Мұны мына ресурстар арқылы жасаған дұрыс <https://elicense.kz/LicensingContent/SimpleSearchLicense> (контрагенттерді тексеру сайттарында ұйымның БСН-ін оның атауы бойынша білуге болады <https://pk.uchet.kz/>, <https://statsnet.co/>, <https://pk.adata.kz/> және көптеген т.б.).

7. Сондай-ақ, осы сайттардан компаниялардың нарықтағы нақты тәжірибесін біле аласыз.

8. Егер қандай да бір компанияны таңдасаныз, олардан үлгілік шартты және істелетін жұмыстардың нақты сметасын сұраныңыз. Смета келісім-шартқа міндетті қосымша болуы тиіс.

9. Дәкеңерлеу жұмыстарын жүргізетін компания жұмыскерлерінде аттестаттау куәлігінің болуын сұраныңыз. Куәліктерде дәкеңерлеушінің жұмыстардың қандай түрлерін орындауға рұқсаты бар екені көрсетіледі.

10. Шартты жасасуда келесі тармақтарды толтыру міндетті: шарттың мәні, жұмыстың құны, орындалу мерзімі, біткен жұмысты қабылдау қалай жүзеге асырылатыны.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ! Құрылыс компанияларының сырттағы газ тарату жүйесіне газ құбырын жүргізген тұрғын үйді тікелей түрлерін орындауға рұқсаты бар екені көрсетіледі.

Тұрғын үйді газдандыру бойынша кешенді жұмыстар аяқталғаннан кейін «ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ объектінің табиғи газға қосуға дайындығын және орындалған жұмыстың берілген техникалық шарттарға сәйкестігін тексереді. Осы тексеру барысында мердігер жіберген түрлі кемшіліктер мен бұзушылықтар анықталуы мүмкін, оларды дұрыстауға мердігер міндетті болады!

«ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ жобалау және құрылыс қызметтерін ұсынбайды және газдандыру қызметтерін көрсететін компаниялардың қызметі үшін жауап бермейді!

ХАБАРЛАНДЫРУ

«Ш Интернационал Жер» ЖШС-ның қызметін жүйеге қою мақсатында Серіктестік мүддесі жағдайларына байланысты «Ш Интернационал Жер» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің жалпы жиналысын ұйымдастыру қажеттілігі туындауда.

Осыған орай, «Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы» Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 22 сәуірдегі №220-І Заңының талаптары бойынша «Ш Интернационал Жер» ЖШС-ның жалпы жиналысына шақырамыз.

Жиналыстың өтетін уақыты, орны мен күні: Жалпы жиналыс 24 қаңтар 2024 жылы, сағат 10.00-де Ш Интернационал ауылының мәдениет үйінде өтеді. Тіркелу уақыты сағат 08.00-де басталады.

24 қаңтар 2024 жылы сағат 10.00-де өтетін жалпы жиналыстың күн тәртібі:

- 1. «Ш Интернационал Жер» ЖШС директорын (атқарушы органын) сайлау;

- 2. Серіктестікте жер үлесі бар қайтыс болған құрылтайшылардың (қатысушылар) мұрагерлерін Серіктестік қатысушыларының қатарына қабылдау туралы;

- 3. Серіктестіктен жер үлесін алу туралы (арыздына сәйкес);

- 4. Күн тәртібінде қаралған мәселелер бойынша өзгерістерді қузыретті органдар тіркеу бойынша өкілеттіктер беру туралы.

Жалпы жиналыстың түрі: Кезектен тыс Жалпы жиналысты өткізу тәртібі: Регламент бойынша ҚР Азаматтық Кодексі, «ҚР Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар Серіктестіктер туралы» 1998 жылғы 22 сәуірдегі №220-І Заңының нормалары басылымға алынды.

«Ш Интернационал Жер» ЖШС-ның құрылтайшылары (қатысушылары)

БИН 041 241 011 001

Сыбайлас жемқорлыққа жол жоқ!

Жемқорлық – мемлекеттің, қоғамның дамуына тежеу болатын, болашағына кесірін тигізетін індет. Сыбайлас жемқорлықпен күресу – бүгінгі күннің күрделі мәселесі. Сыбайлас жемқорлықпен түбегейлі күресу үшін халықтың құқықтық сауатсыздығын жою, құқықты түсіндіру жұмысының сапасын арттырудың маңызы зор. Қазақстан Республикасының мемлекеттік саясатының негізгі басымдықтарының бірі осы зұлымдықпен күресу болып табылады. Қоғамның барлық күш-жігерін біріктіріп, осы дерттен олаң-әрі тараламы үшін оған қолданылатын барлық амалдарын қолдану арқылы ғана бұл құбылысқа тиімді түрде түбегейлі қарсы тұруға болады. Сондықтан сыбайлас жемқорлықпен күресу – барлық Қазақстан Республикасы азаматтарының азаматтық борышы және адамгершілік міндеті.

Қоғам өмірінде түбегейлі шешім табылмай тұрған мәселе, ол – сыбайлас жемқорлық. Елімізде осы мәселеге байланысты арнайы қабылданған заңдар да, атқарылып жатқан түрлі жұмыстар да баршылық, дегенмен бұл мәселе әлі толық шешімін тапқан жоқ. Ендеше, жас бұынға жемқорлықтың теріс салдары туралы ақпаратты дұрыс жеткізу олардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениеттің қалыптасуына, өз құқықтары мен міндеттерін терең ұғынып жете түсінуіне және орындауына

көмектесудің алғы шарттарының бірі болып саналады. Атап айтқанда, ол үшін ең алдымен сыбайлас жемқорлыққа қарсы сана керек. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы сана қалыптасқан жағдайда ғана адам адамгершілікке жат қылықтардан бойын аулақ ұстай бастайды, занға қайны келетін әрекеттерді жасауға жол бермейді. Қарапайым тілмен айтатын болсақ, сыбайлас жемқорлық бұл – қызмет дәрежесін жеке мақсатта пайдалану. Осы келеніс құбылыстың үдеп бара жатқаны жас ұрпақ тәрбиесіне зиян болатындығы зорымды аңдандырады. Бұл мәселеге тереңірек үңілетін болсақ, сыбайлас жемқорлық ел болашағына, ұлттық қауіпсіздікке үлкен кесірін тигізеді. Яғни, осы келеніс құбылыспен күресу бар-ша халықтың алдында тұрған ортақ мәселе екендігі айқын. Сыбайлас жемқорлық – заман ағысымен бірге өсіп-өркендеп, мол қаражат және қоғамдық бәсекелестік пайдаланған жерлерге тамырын жайып, бүгінгі күнге дейін жойылмай отырған кеселдің бірі. Бұл кесел дамушы елдердегі біздің жас мемлекетімізге де орасан зор нұқсан келтіріп отыр.

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдар туралы» Заң талабының аясында жемқорлыққа қарсы іс-әрекеттер ер салада жүзеге асырылып келеді. Соның ішінде, халық паракорлық дертімен жиі бетпе-бет келеді. Сондықтан кез келген ортада пара беру мен пара алудың жолын кесуде қоғам болып белсенділік танытуымыз керек. Паракорлық мемлекеттік органдардың тиісті қызмет атқаруына кері әсерін тигізіп, делеліне абыройсыздық ұялатады, заңды қағидаларды теріске шығарып, азаматтардың конституциялық құқықтары мен заңды мүдделерінің бұзылуына түрткі болады.

Кәзіргі таңда қоғамымызға қауіп төндіріп, орасан кесел келтіретін осынау келеніс әлеуметтік құбылысқа қарсы шаралар қатан қолға алынып жатыр. Жемқорлықпен күрес арнайы дайындалған мемлекеттік бағдарлама негізінде жүзеге асырылууда. Елімізде өркендетін дамытықшы келетін, өз ортасын күрметтейтін әрбір азамат мемлекеттің ішіндегі тәртіпті мәселе жүрігіне аяқталып, ел ішіндегі қауіпсіздікті қамтамасыз етуге мүдделі және оның алдындағы басты парызы. Қоғаммен бірге өркендеп, етек жайып, етене сіңісіп келе жатқан бұл кеселдің тереңнен құлаш жайылуына өз үлесімізді қосу және оған тосқауыл болу – біздің басты міндетіміз.

Б.КАЛДЫБЕКОВ, ҚР АІШМ Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Қызылорда облыстық аумақтық инспекциясының бас маманы

Іздеу салады

Қазалы аудандық сотында (іс №4344-23-00-2/1091) 2023 жылдың 21 қарашасында арыз беруші Серікбол Нағашыбайұлы Балғатайдың туған ағасы Жақабай Нағашыбайұлы Балғатайды қайтыс болды деп жариялау туралы азаматтық іс қозғалды.

1961 жылдың 20 қарашасында туылған Жақабай Нағашыбайұлы Балғатайдың жүрген жерін білетін адамдар болса Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Өйтеке би кентінде орналасқан Қазалы аудандық сотына осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 3 (үш) ай мерзім ішінде хабарласуды сұраймыз.

«Сыр бойы», «Қызылординские вести», «Ақмешіт апталығы», «Ақмешіт жастары» және ауданның барлық басылымдарына хабарландыру орналастырғыңыз келсе: 70-00-52 телефоны арқылы байланысуға болады. E-mail: smjarnama@mail.ru

Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің ұжымы оқу орнындағы кәсіподақ комитетінің төрағасы, «Тарих және археология» білім беру бағдарламасының қауымдастырылған профессоры, тарих ғылымдарының кандидаты Оразбақов Айтжан Жұмабайұлына ағасы Оразбақова Айша Жұмабайқызының дүниеден озуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Бақұл болыңыз, абыз ақсақал



2023 жылдың 11 желтоқсан күні 91 жасында ауыл шаруашылығы саласының абыз ақсақалы, облыстың құрметті ардагері Ысқақов Ойын Ысқақұлы өмірден озды.

Ойын Ысқақұлы 1932 жылы Жаңақорған кентінде дүниеге келген. 1954 жылы Алматыдағы Қазақ ауылшаруашылық институтын «инженер-механик» мамандығы бойынша бітірген.

Еңбек жолын 1954 жылы Қармақшы ауданының Ақжар МТС-да инженерлік қызметті абыроймен атқарды. 1960-1963 жылдары Жаңақорған аудандық партия комитетінде нұсқаушысы, Шіелі өндіріс басқармасында бас инженер, 1963-1971 жылдары Жалағаш ауданында «Казсельхозтехника» бірлестігінде басшы, 1971-1985 жылдары Жалағаш аудандық ауылшаруашылық басқармасында басшы, аудандық совет атқару комитетінің бірінші орынбасары,

аудандық партия комитетінің бюро мүшесі, 1985-1992 жылдары Қызыл

«КЕЛЕШЕКТЕН» НЕ КҮТЕМІЗ?

«Жүйе аясында балаға арнайы шот ашуға болады, оған мемлекет 60 АЕК мөлшерінде (60*3450=207000) (5 жастағы балаларға) білім алуға бастапқы капитал салады. Бұдан әрі оған ата-аналардың ерікті жарналары, 5-7% жыл сайынғы мемлекеттік сыйақы және инвестициялық табыс есебінен қаражат жинақтайды. Осылайша айына 1 АЕК (3 450 теңге) мөлшеріндегі ең төменгі жарна салынып отырса, бала 18 жасқа толғанда шотында 3,3 млн теңгеден астам ақша жиналады. Тіпті, ата-аналардың ерікті жарналары, мысалы айына 3 АЕК-ке дейін көбейсе, 7 млн теңгеден астам қаражат жинақтау мүмкіндігі болады» деп атап өтті Үкіметтің баспасөз қызметі.

Сонымен қатар халықтың әлеуметтік осал топтарын қолдаудың қосымша шаралары көзделді, әсіресе өзгерістер жетім балалар мен ата-ана қамқорлығынсыз қалған балаларға қатысты болмақ. Сондай-ақ ақшаның құнсыздануынан қорғау тетіктері қарастырылған. Оған қоса «Ұлттық қор – балаларға» бастамасы аясында да қаражат жинақталады. Бұл кейіннен қаражатты бір жерге шоғырландыруға, таңдаған ЖОО-ға оқу ақысын төлеуге мүмкіндік береді.

Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбектің айтуынша, елімізде бала туу көрсеткішінің өсуіне байланысты болашақта білім беру жүйесіне түсетін жүктеме едәуір артады екен. Бүгінде мемлекеттік білім тапсырысы мектеп түлектерінің 40%-дан астамын грантпен қамтуға мүмкіндік береді. Алайда қолданыстағы тәсілдер сақталса, 2040 жылға қарай бұл көрсеткіш шамамен 15%-ға дейін қысқарады. Осыған байланысты азаматтарға жоғары білімді қолжетімді етудің қосымша тетігі ретінде қолданыстағы қолдау шараларын біріктіретін «Келешек» біріншілік ерікті жинақтау жүйесі әзірленіп, ел игілігіне ұсынылады. Бұл туралы Президенттің сайлауалды бағдарламасы мен Жолдауын іске асыру жөніндегі республикалық штаб отырысында талқыланған, жоғары білімді қолжетімділігі нысқалтаны туралы баспасөз беттерінде оқыдық.

Премьердің айтуынша, елдің әл-ауқаты мен бәсекеге қабілеттілігі халықтың білім деңгейіне тікелей байланысты. Дүниежүзілік банктің мәліметінше, экономика өсімінің 16%-ы физикалық капиталға, 20%-ы табиғи капиталға, қалған 64%-ы адам және әлеуметтік капиталға байланысты. Үкіметтің болжамынша 2019 жылдан 2022 жылға дейінгі туу көрсеткіші өскерек, 2040 жылға қарай 18 жастағы қазақстандықтар саны айтарлықтай өседі. Бұл ретте гранттар санын арттыру олардың көбіні жоғары біліммен қамтуға мүмкіндік береді.

«Келешек» осы мәселелердің оң шешілуін жол ашады. Білім берудің қолжетімділігі мен сапасы ресурстарды шоғырландыру және мемлекет, бизнес, оқу орындары мен азаматтар арасында жауапкершілікті бөлу есебінен қамтамасыз етіледі. Бұл бірінші мамандықты алғанға дейін балаларды толық қолдауға мүмкіндік береді» деді Ә.Смайылов.

Қазіргі кезде баланың оқуына қаражат жинау үшін кез келген банктен депозит ашып, есепшотқа ақша сала беруге болады. Алайда жыл депозиттің бір кемшілігі сол, адам қаржылық міндеттеріне тап болса, есепшоттағы ақшаны шешіп алуы мүмкін. Сол себепті Қазақстанда 2013 жылдан бастап мемлекеттік білім беру жинақтау жүйесі енгізілген болатын. Соның аясында «AQYL» депозитін ашуға мүмкіндік бар. Ал есепшоттағы ақшаны 20 жыл бойы алуға тыйым салынған. «Келешек» ерікті жинақтау жүйесі де осы «AQYL» депозитіне ұқсас болғанмен, басты ерекшелігі – мемлекеттің 60 АЕК көлемінде алғашқы жарналық капиталын салуында. Бұдан шығатын қорытынды елімізде өсіп келе жатқан әрбір баланы мемлекет назарда ұстап, солардың дұрыс жетілуіне мүдделі екенін көреміз. Қуантатыны да осы жағдай.

Бір айта кетері, 7 пайыздық мемлекеттік сыйақы әлеуметтік осал топтарға ғана төленеді. Олар – жетім балалар, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар, мүгедектер, көпбалалы отбасынан және жағдайы төмен отбасылардан шыққан балалар. Ал 5 пайыздық сыйақы Қазақстанның басқа азаматтарына төленеді. Бағдарлама шарттары да қарапайым. Мысалы: – бала 5 жасқа келгенде мемлекеттен бір реттік бастапқы капитал – 60 АЕК (қазіргі 207 000 теңге) түседі; – ата-ананың міндетті салымдары – ай сайын 1-3 АЕК (3 450 – 10 350 теңге); – мемлекеттің 7 пайыздық сыйақысы; – банктің сыйақысы; – бала 18 жасқа толғанда Ұлттық қордан түсетін ақша. Егер ата-ана баласының ертең ойлап, жағдайы келіп 3 АЕК-тен салып тұрса, ақшаны алар уақытта 7500000 (жеті жарым миллион) жинақталады екен.

«Келешектің» басты артықшылығы да – ақшаның көптеп жиналуында. Себебі есепшотқа бірнеше көзден ақша түсіп тұрады. Ал ең соңында баланың Ұлттық қордағы үлесі аударылады. Бірақ 18 жасқа толған жасөспірім грантка түссе, ақшаны шешіп алуға болмайды. Қазіргі жоспарға сәйкес, оны тек баспана сатып алуға ғана жұмсауға болады.

Министрдің мәліметіне қарағанда, бүгінде білім беру саласына жұмсалатын қаржының көлемі жыл сайын артып келеді. Былтыр 4,5 млрд теңге бөлінді. Қазіргі кезде Қазақстанда демографиялық жағдай жақсарып келеді. Оған қоса, елге көшіп келетін адамдардың саны да өсті. Ондайда бюджеттік шығындар көбейеді. Себебі барлығын біліммен қамтамасыз ету керек. Ал «Келешек» жинақтаушы жүйесінің арқасында әрбір ата-ана өз баласының оқуына ақша жететініне сенімді болады. Бюджет қаржысы да үнемделеді. Осылайша, 2037 жылдан бастап гранттарды бөлу тәжірибесінен бас тартып, жыл сайын 2 трлн теңгені үнемдеп отыруға мүмкіндік бар.

Алайда Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек грант беру жүйесі тоқтатылатынын жоққа шығарды. Бірақ білім гранттарының саны бірінше азырақ екен. Осылайша алдағы уақытта қазақстандықтар грантка көп сенсе бермей, баланың оқуына алдын ала ақша жинауға дағдыланады. Менің ойымша бұл ең өзекті мәселе емес. Себебі, мемлекет әр балаға жағдай жасау арқылы мамандық таңдаудағы тәуелсіздігіне, яғни, мамандығын еркін таңдау мүмкіндігіне жол ашады. Жана жобаға сәттілік тіледі!

Қайрат БАҚБЕРГЕН,

«Болашақ» университетінің ректоры

1-бет

«Бес бойдаққа бір той». Комедиялық қойылым екені белгілі, десек те шығарманың атының өзі «апыр-ай» деп таңғалдыра түсіп, еріксіз езуіңе күлкі үйіреді. «Бес бойдағымыз кім болды екен, оның үстіне, жабылып бір той жасайтыны қалай?» дегендей сауал көңіліңді күлті ете түседі. Қош, сахна шымылдығы ашылған сәтте ауылдың қоңырқай, қарапайым көрінісі қазақалпында көз алдында тұра қалып, жүрегіңді ерекше бір жылылық желпіп өтеді. Сыртқы ақталған шағын үйді қоршай соққан аласа шарбақтың өзі сонау кездегі ауыл адамдарының кіршіксіз көңілін, алғаусыз ара қатынасын аңғартқанда...

ТЕАТР



Қыпқы астарыңдағы көңіл шыңдығы

Ғазиза ӘБІЛДА,
«Сыр бойы»

Сыр өңіріне гастрольдік сапармен келген М.Әуезов атындағы Қазақ ұлттық драма театрының ұжымы Н.Бекежанов атындағы облыстық қазақ академиялық музыкалық драма театрында көрнекті жазушы, жерлесіміз Т.Нұрмағанбетовтің «Бес бойдаққа бір той» комедиялық шығармасын сахналап, көрермен қауымы шынайы күлкіге кенелтті.

Әлқисса, есік алдындағы Қырманбай қарияның қолында күрек, мал жайлап жүрген сынайы. Бір уақта ашық қалған қораның есігін жауып, күндікпен жүрсе, енді бірде әдеттегі насбай тостағын іздеп, шала бүлді. Осының салтуымен балаларын бір шыбынмен айдап, тәртіпке шақырып алды. Балалар демекші, қарияның үш ұлы, екі қызы бар. Ересектері жұмыс істейді, кішілері мектепте оқиды. Ал сабақтан келген соң әрқайсысы өзінің міндетіне сай үй іртілігіне қолабыс етеді.

Жас ортасына келгенде, кемпірі о дүниелік болған Қырманбай ата балаларының тәрбиесін тастүйін ұстағысы келеді. Әрине, олар да әкесінің қабағын бағып, оғаш қылықтарын көрсетпеуге тырысады. Ондай сәттерде ересек ұлдары өздерінің кейбір келесіз іс-әрекеттерін мойындамай сытылып кетіп, кенже ұлға жаба салады. Ол болса, ақтала алмай, шыр-пыр болып жүргені. Қанша дегенмен, қарашырақтың егесі – кенже ұлдың орны бөлек қой, ақсақал оған аса

қаталдық таныта бермейді. Әкелі-балалы екеуі кейде дойбы ойынап отырып әңгімелесетін, әсіресе, әп-сәтте шарт-шұрт кетіп, келіспей қалып жататыны қызық. Адам қартайғанда бала болады дейтіні де сол шығар...

Күнделікті күйбең тірліктен шаршап, көкелерінің көңіл-күйі түспеуі үшін балалары оған кемпір керек деген ойға келеді. Әйтпесе, өздеріне де еркіндік жоқ, үйден аттап шыға алмайтыны тағы бар. Осылай ойласа келіп, ақырында кіші қыз Шүйкейтәйға келіп жүрген жігіттің әжесіне тоқтайды.

Кемпір болуға үміткер әжей де Қырманбай қарттың көңілінен шығуға тырысып бағады. Екеуара сөз арасында шарт етіп шатастып, келіспей қалатын тұстары бар. Әйтсе де, ақсақал өктем сөйлегенде әжейдің жуасып қалатыны қалай болғанда, қазақы тәрбиенің терең астарын айтқандай түседі.

Ержеткен ұл, бойжеткен қыз, жүректен алып-ұшып тұрған жастар, арасында амалын тауып, қашып-шысып кездесуге шығады. Сондай-да көкесінің көзіне түсіп қалмауға тырысады. Ондай кездерде кенже

ұлдың көңілін табу керек, әйтпесе, ол андайы, әжесіне бәрін жайып салатыны бар. Айтпақшы, осы кенже ұл бірде албырттыққа салынып, ағаларынан бұрын келін түсірмек болды. Әкесі айқасын басқанда, әлгі әжей ара түсіп, «қазір жастардың түсінігі бөлек, үлкен-кішіге қарамайды» деп кенже баланы қорғаштады. Иә, өйткені ақсақалдың ашуы осал емес, арасында тыстағы ит-шұртқа үркітіп, аспанға мылтық атып қоятыны бар.

Бір күні ойламаған жерден қарияның басы дауға қалды. Бәленің бәрі сол мылтықтан шықты. Әлепкіде екі әкесін үйден шақырып беріп, болашақ жезделеріне еңбегін пұлдап жүрген кенже ұл кенеттен ерегісіп қалды. Қолына мылтықты алып, оларды қорқытпақшы болғанда, мылтық атылып кетеді. (Абырой болғанда, мылтыққа оқ салынбаған.) Алайда тып-ғыныш отырған отбасын әбгерге салды.

Кенже ұл әлі өрімдей жас, оі сотталса, жағдай қиын... Ал мылтықтың болды егесі – Қырманбай қарт. Ақсақалдың бар кінәні өз мойнына алудан басқа амалы қалмады.

«Қартайғанда көретінім осы болғаны ма? Оған да жанымды неге алмадың?» деп Құдайға шағынады. Сол сәтте Құдай оның сөзін естіп, іле-шала жауабын береді. Сөйтсе, мұнымен сөйлесіп отырған «құдайдың» қалауы – екі қызын өздері ұнатқан жігітке күйеуге беру. Сонда әлгі «күнәсі» кешірілетін сияқты... Әйтпесе, өзі қалағандай, жаңын алу тұқ емес...

Құдай мен пенде арасындағы диалог көрерменді күлкіге кенелтті. Ақсақалдың аңғалдығы, көңілін кіршіксіз тазалығы тәтті етеді. Өмірде дәл осындай адамның болатынына шүбәсіз сенесіз. Негізінде осының бәрі қарияның қос қызына қолы жетпей жүрген жігіттердің қүйтырқы әрекеттері еді. Абайсыз-да «адам өліміне» себепкер болдым деп ойлаған ақсақал дәл сол сәтте есі кіресілі-шығасылы, сергелден күйде болатын.

Ақсақалдың әлгі «Құдайды» айтқанына құлдық ұрып, берген уәдесі бар, қыздарын ұзатпақ болады. Алайда екі ағасы үйленбей тұрғанда, қыздарымыз күйеуге берсем, бұл үйдің қазан-ошағына кім

еге болады деп тағы аландайды. Осыны күткендей, ержеткен ұлдары өздерінің де шаңыраққа келін түсіруге дайын екенін айтып, қуантады. Тек олар әжесінің жалғызсырап қалмай, қасына серік тапқанын қалайтын. Осы кезде әлгі таныс әжей қариямен қосылуға ықыласын білдіріп, келісіміге келеді. Осылайша әжесі де, бес бойдақ ұл-қызы да бір күнде той жасап, Қырманбай ақсақалдың шаңырағын шат-шадыман болады.

Қырманбай қарттың ролін сомдаған Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, «Дарын» мемлекеттік сыйлығының лауреаты, талантты актер Бекжан Тұрыс бала күнімізден көз алдымызда жатталып қалған ата бейнесін жадымызда қайта жаңғыртты. Шаңырақтың берекесін сақтай отырып, ауыл-елдің ынтымағын ұйытып, көптің бірлігін бекем ұстайтын, көкірегінен дала иісі аңқыған қарпайым қарттың қасиетін танытты. Қамқонілі қарт әжейдің ролін сомдаған ҚР Мәдениет саласының үздігі Құсқулу Шахметова адам жанының шынайы толқынысын, көңіл күйдің әп-сәтте әртүрлі әсерге бөленуін әдемі бейнелеп, жүрегі жылы, мейірбан әжейдің келбетін көрсете білді.

Шығарманың авторы, Тынымбай Нұрмағанбетов – Жаңақорған ауданы «Қосүйенкі» ауылының тумасы. М.Горький атындағы Жоғары әдебиет курсы бітірген. Ш.Айманов атындағы «Қазақфильм» киностудиясының сценарийлік коллегиясында қызмет еткен.

Алғашқы әңгімелер жинағы 1971 жылы «Қауын иісі» деген атпен жарыққа шыққан. Осы кітабының орыс тіліндегі нұсқасы үшін Бүкүлодақтық М.Горький атындағы жастар сыйлығын иеленген. Жазушының «Қош бол, ата!», «Қарлығаштың ұясы», «Атқоныс», «Тұнық су», «Бәйтеректер», «Туған ауыл түтіні», «Балалық шақтың әуендері», «Таңдамалы», «Айқай», т.б. кітаптары да оқырман көңілінен орын алды. Бұдан бөлек, орыс тілінде аударылған, жеке кітап болып басылған туындылары бар. Сонымен қатар, «Табалдырығына табын», «Жоғалған көл», «Кемпірлер үкімі» пьесаларының, «Тырналар ұшып барарды» телефильмі сценарийінің авторы.

Көрнекті жазушы Тынымбай Нұрмағанбетов – Жаңақорған ауданының құрметті азаматы, Халықаралық Қазақ ПЕН клубы сыйлығының, ҚР Абай атындағы Мемлекеттік сыйлықтың иегері.

ОНКҮНДІКТІҢ ОЙ-ҚАЗЫНАСЫ

Облыстық білім басқармасы, республикалық «Ұлттық құндылықтар академиясының» өңірлік орталығы, ардагерлер кеңесінің ұйымдастыруымен «Анаға тағзым» орталығында тағлымға толы іс-шара өтті.

Біртұтас тәрбие бағдарламасының «Тәуелсіздік – ел бақыты» онкүндігі аясында ұлттық құндылықтар бойынша сіңірген, әлемдік озық білімді игерген саналы азаматты тәрбиелеу мақсатында «Әбіш Кекілбайұлының шығармаларындағы қазақ әйелінің бейнесі» тақырыбында ой-қазына алаңы өтті.

Ондағы мақсат – білім алушылардың кітап оқуға қызығушылығын арттыру арқылы таным дүниесін кеңейту және интеллектуалды әлеуетін қалыптастыруға ықпал ету.

«Әбіш Кекілбаев шығарма-

лары» тақырыбындағы бейнероликте қазақ әйелдерінің қайсарлығы, ибалылығы, адамгершілігі, ақыл-парасаты, сұлулығы дәріптелді. Қорқыт ата атындағы университеттің доценті, филология ғылымдарының кандидаты А.Айтбаева, тіл мамандары, кітапхана-шығармашылар мен білім алушылар қатысты.

Іс-шара барысында оқырман-шығармашылардың кітап оқуға қызығушылығын арттыру арқылы таным дүниесін кеңейту және интеллектуалды әлеуетін қалыптастыруға ықпал ету.

«СБ» ақпарат



ОНЖЫЛДЫҚ ЖӘНЕ ЖАҢА ҚАДАМ

«Болашақ» жоғары медициналық колледжі өркендеп келеді. Мұнда орта буын медицина мамандары жан-жақты дөріс алып, технологияның тың тәсілдерін меңгеруде.

Тұрар БЕКМЫРЗАЕВ,
«Сыр бойы»

Биыл осы колледждің құрылғанына 10 жыл толды. Осы аралықта бітірген түлектер еліміздің әр аймағында жемісті еңбек етуде. Оқу ордасының мерейтойына арналған «Жаңа онжылдыққа – жаңа қадам» атты шараға оқытушылар мен студенттер қатысты. Салтанатты кеште «Болашақ»

университетінің құрылтайшысы, ҚР ҰҒА академигі Бакберген Досманбетов сөз сөйледі.

«Болашақ» медицина колледжі 2013 жылы ашылды. Мұнда студенттердің білім алуына бар жағдай жасалған. Оқытушылар құрамы жоғары санатты. Оқу ордасы толыққанды заманауи техникамен жаб-

дықталған. Бүгінге дейін 4 мыңдай студент оқып бітірді. Жыл сайын студенттер саны артып келеді, – деді Бакберген Сәрсенұлы.

Жылында «Болашақ» университетінің ректоры Қайрат Бакбергенұлы біртұтас ұстаза «Болашақ» жоғары медициналық колледжінің құрылғанына 10 жыл» төбелгісін табыстады.

Сонымен қатар пән оқытушылары «Болашақ» университеті ректорының сыйақысымен және алғыс хатымен марапатталды.

Кеш облыстық филармония өнерпаздарының концертте ұласты.